

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ДАМУЫ

*Мырзалиева Ж.Т., азаматтық және еңбек құқықтары кафедрасының з.ғ.м, аға оқытушы  
Есен Ә.И., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің 3-курс студенті*

Нарықтық экономикада туризм - экономиканың ең серпінді секторларының бірі. Туризмнің жоғары қарқынмен дамуы, үлкен көлемдегі валюталық кірістердің келіп түсуі, экономиканың әр түрлі салаларына белсенді ықпал етеді, бұл өз кезегінде туристік индустриясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында туризм индустриясының дамуын Мемлекет басшысы Н.Назарбаев әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының маңызды басымдығы ретінде анықтайды.

Әлемдік экономиканың қазіргі даму жағдайында туризм жетекші және қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. ХХІ ғасырда қалыптасқан әлеуметтік құбылыс ретінде туризм, адамның тек қана әлемді, жерді тану қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін ғана емес, сондай-ақ көптеген мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени қызметінің ең прогрессивті және болашағы бар бағыттарының бірі болды. Бүгінгі күні туристік қызмет, туризмнің орталығы болып табылатын тек Европада ғана емес, сонымен қатар Америка, Африка, Азия мемлекеттерінде және Австралияда қарқынды дамып отыр [1;25].

Дүниежүзілік туристік ұйым деректері бойынша 2014 жылы туризмге әлемдегі ЖІӨ-нің 9 %-ы , тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің әлемдік экспортының 6 %-ы тиесілі болды. Бұл салада шамамен 100,9 млн. адам жұмыс істеуде, бұл ретте әлемдегі әрбір 11 жұмыс орны туризм саласында құрылады. Туризм телекоммуникация және көлік, құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы және басқалар сияқты аралас салаларға ықпал ете отырып, өңірлердің әлеуметтік- экономикалық дамуына жәрдемдеседі, яғни, әлеуметтік- экономикалық дамудың катализаторы болып табылады.

Германияда, Ұлыбританияда, Францияда, Оңтүстік Кореяда және Жапонияда өткізілген 10 000-ға жуық адамға арналған зерттеулер мен сауалнамалар нәтижесінде шетелдіктер Қазақстандағы экологиялық экскурсияларға үлкен қызығушылықтары бар екенін танытты. Негізінен, елді таңдағанда, туристерді мәдени мұра, дамыған инфрақұрылым мен қауіпсіздік, табиғи ландшафтар, географиялық ерекшеліктер қызықтырады. Осыған байланысты, Қазақстан үшін қолайлы туристік имиджі бар елдер арасында өзінің лайықты орнын иеленуге барлық мүмкіндіктері бар.

Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының ауданы 22 млн. Гектарды құрайды, бұл ел аумағының 8% -ынан аз. Республикада 10 мемлекеттік табиғи қорық, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер саны, 4 мемлекеттік табиғи резерваттар, 50 мемлекеттік табиғи қаумалдар, 5 мемлекеттік қорықтық аймақтар бар. Бүгінгі таңда Қазақстанда бірегей табиғи қорықтар мен ұлттық парктер, 100-ден астам медициналық-сауықтыру кешені, сондай-ақ тоғыз мыңнан астам археологиялық және тарихи ескерткіштер бар.

Бірақ жалпы дамуының жағымды жақтарына қарамастан, Қазақстанның туризмі белгілі бір проблемаларға тап болады. Туристік және рекреациялық әлеуетке ие, Қазақстан, туризм дамуының жеткіліксіз деңгейімен сипатталады. Оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі шамамен 0,9% құрайды [2]. Әлемнің 141 елінің ішінде туризм және саяхат саласындағы бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстан небары 85 орынға табан тіреген [3]. Географиялық тұрғыда өте тиімді жерде орналасқан және табиғи сұлулыққа, тарихи-мәдени ескерткіштерге бай, Қазақстанда, туризм саласы неге қарқынды түрде дамымай отыр деген сұрақ туындайды.

Қазіргі уақытта туризм - бұл елдегі валюталық түсімдерді жұмылдырмайды, керісінше - біраз мөлшерде валютаның ағып кету арнасы болып табылады. Шетелде демалу үшін ұсыныс Қазақстанда сұранысқа ие, себебі қазақстандық туристерге қолайлы бағамен жоғары сапалы қызмет ұсынылады. Одан кейін, әуе билеттеріне және қонақүйге орналастырудың жоғары бағалары, өзіміздің және шетелдік туристердің Қазақстанға келуін баяулататын бірден бір себеп болып табылады. Мысалы, егер қазақстандық азаматқа еліміздегі Бурабайда 10 күндік демалысын өткізуге 350 мың теңге қажет болса, дәл сондай Түркия жағажайларында 10 күн демалуға 225 мың теңге жетеді [4].

Қазақстандағы туризмнің тиімді дамуына, туризмді дамытудың айқын мемлекеттік реттелмеуі, инфрақұрылымның дамымағандығы және ғылыми тұрғыдан туризмді зерттеудің жетіспеуі көп жағдайда кедергі келтіреді. Туризмді дамытуды мемлекеттік реттеудің мазмұны, мемлекеттік органдардың міндеттерімен, сондай-ақ мемлекеттің осы саясатты жүзеге асырудағы құралдарымен анықталады. Туризмге мемлекет тарапынан басты назар аударатын салалардың бірі болуы керек,

себебі, туризм сарқылмайтын шикізат көзінен пайда табу саласы болып табылады, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге әсері үлкен болады [5;18].

Дүниежүзілік туристік ұйымның мәліметі бойынша, бір турист барған жерінде 1 мың АҚШ долларын тастап кетеді екен. Бұл мемлекетке ешқандай өсімсіз және қайтарып берусіз келіп түскен ақша. Әлемдік тәжірибеге көз жүгіртетін болсақ, көптеген мемлекеттер әуел баста инвестиция тарту мақсатында біраз жылдарға инвесторларды салық төлеу міндеттерінен босатқан және бірінші кезекте инфрақұрылымды дамыту жобаларына көңіл бөлген. Кейбір елдер (Египет, Түркия, Кипр, Ресей т.б) көптеген елдердің туристеріне визасыз режимді ұсынады. Бұндай елдердің тәжірибесі визасыз режимді орнату туризмді айтарлықтай жандандыратын көрсетеді. Мысалы, Қырғызстан, 40 ел үшін визасыз режим енгізді. Нәтижесінде, Отандық туристер мен қазақстандықтарды есептегенде, жылына 4 миллионға жуық шетелдік туристер Ыстықкөлге барады екен. Бұл қадам да туристердің лебін өз мемлекетіне қарай аударудың бір құралы болады.

Қазақстан Республикасының туризм саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі мақсаттары, принциптері мен бағыттары «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген. Заңының II тарауы «Туристік қызметті мемлекеттік реттеу» осы заң актісінің негізі болып табылады. Мұнда ең маңызды заңнамалық актілер: Қазақстан экономикасындағы туризмнің орны туралы, туристік қызметті мемлекеттік реттеу қағидаттары, туризм арқылы мемлекеттік реттеудің мақсаттары, басым бағыттары мен әдістері туралы жарияланады. Заң, мемлекеттің туристік қызметті алға жылжыту және оны дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, туризм қызметінің бағыттарын анықтау және қолдау (яғни ішкі туризмді дамыту бағыттарын таңдау), туризм үшін қолайлы ел ретінде Қазақстанның имиджін қалыптастыру міндетін жүктейді, қазақстандық туристерді, туроператорларды, турагенттіктерді және олардың қауымдастығын қолдау және қорғауды қарастырады.

Қазақстанның тартымды туристік имиджін құру, тиісті кең ауқымды шаралар кешенін талап етеді. Қазақстандағы туризм саласын реформалау және дамыту мақсатында Үкімет туризмді дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірледі және бекітті, оның басты мақсаты халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрияны құру, ішкі және сыртқы туризм көлемін ұлғайту есебінен мемлекет пен халықтың табысын тұрақты дамыту. Тұжырымдамада сонымен қатар, туризмге инвестиция тарту мәселесі қамтылып өткен. Инвестицияның ағының ынталандыру үшін үш ең негізгі жобалар іске асырылуда. Олар: Алматы облысында (Талғар ауданы) "Ақбұлақ" халықаралық туристік орталығын салу, инвестор "Steppe Capital" АҚ; Алматы қаласындағы "Mount Sinai" медициналық орталығы, инвестор "Capital Partners" АҚ; Маңғыстау облысында "Кендірлі" курорттық демалыс аймағын дамыту жобалары болып табылады. Сонымен қатар инвестицияларды тарту бағытында Инвестициялар және даму министрлігімен, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ-мен және "Kazakh Export" экспорттық сақтандыру компаниясы" АҚ-мен бірлесіп жұмыс жасайды [2].

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес ұлттық компания ұлттық экономиканың негізін құрайтын салаларда жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылған акционерлік қоғам болып табылады. 2025 жылға қарай туризм индустриясы елдің жалпы ішкі өніміндегі үлесі шамамен 8% болуы тиіс ұлттық экономиканың құрамдас бөлігі болуы керек.

Туризм саласы дамыған мемлекеттерде арнайы мамандырылған туристік компаниялар құрылған. Солардың тәжірибесіне сүйене отырып, біздің елімізде 2017 жылы "Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы құрылған болатын. Ол компанияның басты мақсаты- Қазақстанның туристік әлеуетін көтеру болып табылады.

Сонымен бірге ұлттық турфирмалардың ұлттық компания форматында мәртебесі жақын және алыс шет елдерде туристер мен инвесторларды Қазақстанға тарту үшін өкілдіктер ашуға мүмкіндік береді, сондай-ақ компанияға стандартты негізде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша шетелдік және отандық кәсіпорындармен келісімдер жасасу үшін жағдай жасайды, бұл Қазақстанды туристік бағыт ретінде насихаттауда шешім қабылдау жылдамдығына жағымды әсер етеді.

Қазақстандағы туризм саласы үздіксіз ведомстводан ведомствоға беріліп келеді. Ведомстволықты жиі ауыстыру жүйелікті, сабақтастықты жоғалтуға әкеліп соқтырады. 1999 жылдан бері туризм бірнеше министрліктердің қарамағында болып келеді [6]. Бәлкім осы салада тиісті көрсеткіштерге жете алмауымызға себеп осында болар. Егер туризмді жеке алдына министрлік ретінде танысақ, туризмді дамытуға байланысты саясатты айқындау мен жүзеге асыру басқаша түрде көрініс табар ма еді деген ой туындайды.

2016 жылы Қазақстанға келген барлық шетелдік резиденттердің жалпы саны 6 509,4 мың адамды құрады, бұл 2015 жылға қарағанда 1,2 %-ға артық. Шетелдік резиденттердің көпшілігі көршілес үш елден: Өзбекстан Республикасынан (37,8 %), Ресей Федерациясынан (24,4 %) және Қырғыз Республикасынан (20,7 %) келген. Келудің негізгі себептері жеке (75,4 %) сапарлар болды, ал қызмет бабындағы іссапарлар (16,2 %), туризм мақсатында шамамен 1 %-дай болды. Қазақстанға келетін көптеген шетел резиденттері отбасыларда немесе достарында тоқтайды, транзитпен өтеді немесе бір күнге ғана келеді (бір күндік келушілер).

Шетелге шыққан Қазақстан Республикасы азаматтарының саны 2016 жылы 9 755,6 мың адамды құрады, бұл 2015 жылға қарағанда 15,8 %-ға төмен. Қазақстандықтар туристік, бизнес және өзге де сапарларды қоса алғанда, халықаралық сапарларға 1,6 млрд. АҚШ долл. жұмсайды, дәл осы құжат бойынша резидент еместерге 1,5 млрд. АҚШ долларына қызмет көрсетілген.

Осылайша, елдің төлемдік теңгерімі "Сапарлар" құжаты бойынша шамамен 109,3 млн. АҚШ долларын құрап, көп жылдар бойы жарамсыз болып келеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, туризмді белсенді дамып келе жатқан елдер, ұлттық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін айтарлықтай бюджет қаражатын бөліп, өз азаматтарын сапалы туристік қызметтермен қамтамасыз етеді.

Туризмді дамыту аймақтық бөлініс бойынша мынадай топтарға бөлуге болады: Алматы қаласын және Алматы облысын дамыту; Астана қаласын және Ақмола облысын дамыту; Жібек жолы бойында туризмді дамыту; Каспий теңізінде жағажай және круиз туризмін дамыту; Байқоңыр қаласында ғарыш туризмін дамыту[7].

Егер турларды көлікпен қамтамасыз ету теміржол көлігі арқылы жүзеге асырыла, онда туристерге қызықпайсыз. Теміржол көлігінде мынадай кемшіліктер бар:

- вагондардың көпшілігі 20 жылдан астам қолданылуда;
- пойыздарда кадрлардың қызмет көрсетету деңгейі еуропалық стандарттардан алыс;
- вагондардың жағдайы саяхаттаған кезде пойыздарда өзіңізді жайлы сезінуге мүмкіндік бермейді, бұл темір жол транспортын пайдаланатын туристердің санын айтарлықтай азайтады;

Осының бәрі оның тартымдылығына және бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етеді. Темір жол көлігін дамыту үшін келесі шараларды ұсынамыз:

- қолданыстағы және жаңа теміржол желілерінің құрылысын жетілдіру;
- қалалар арасындағы сапарлардың ұзақтығын қысқарту мақсатында жана (жоғары жылдамдықты) пойыздарды пайдалану;
- қалалар арасындағы сапарлардың ұзақтығын қысқарту мақсатында жана (жоғары жылдамдықты) пойыздарды пайдалану;

Осылайша, туризм саясаты жалпы мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы керек, өйткені экономика, әлеуметтік сала, мәдениет, экология және басқа да әлеуметтік маңызды салалармен тығыз байланысты.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Квартальнов В.А Туризм Учебник. –М.: Финансы и статистика, 2002. – 320 с.
2. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406>
3. Якубаева Ю.К. Туризм саласын тың өзгерістер күтіп тұр, 2016 <http://atameken.kz/kk/articles/24053-kazhastanskij-turizm-nuzhdaetsya-v-perezagruzke>
4. Бурабай мен Түркиядағы шипажайлардың бағасы салыстырылды, [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/burabay-men-turkiyadagi-shipajaylardyin-bagasyi-253906/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/burabay-men-turkiyadagi-shipajaylardyin-bagasyi-253906/)
5. Ковтун М.В. Туристская политика как необходимое условие для развития туризма // Туризм: право и экономика, 1(1), 2003. — С. 17—20.
6. Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы N 211 Заңы. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211\\_#z3](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211_#z3)
7. Қазақстанда туризмді дамытудың негізгі бағыттары, 24.08.2015 <https://baribar.kz/student/1719/qazaqstanda-turizmdid-damytudynh-negi/>